

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Орманға ең бай елдер:

- A) АҚШ, Ресей, Бразилия
- B) БАӘ, Ирак
- C) Қазақстан, Қырғызстан
- D) Дания, Швеция
- E) Катар, Ұлыбритания

2. Геоэкологиядағы экосфераның ерекшелігі:

- A) Басты нысан тірі ағза
- B) Тұрақтылық, зат және энергия алмасу
- C) Гомеостаздың болуы, энергиялық құрылымның болуы, компоненттердің үнемі өзін-өзі реттеуі
- D) Жүйелік сипатқа ие
- E) Орнықтылық

3. Ауыл шаруашылығымен байланысты геоэкологиялық мәселелер:

- A) Смогтың пайда болуы
- B) Демографиялық жарылыс
- C) Озон қабатының жұқаруы
- D) Жел және су эрозиясы, пестицидтер және су ресурстарын ластау, минералдық тыңайтқыштармен жерді ластау
- E) Парниктік эффект, су тасқыны

4. Климаттың туындайтын аймағы:

- A) Биосфера
- B) Топырақ қыртыс қабаты
- C) Гидросфера
- D) Педосфера
- E) Атмосфера

5. Геологиялық ортаның құрамдас бөліктері:

- A) Географиялық қабық, ландшафттық жүйе
- B) Антропогендік орта
- C) Литосфераның жоғарғы қабаты, жер асты сулары, эндогендік және экзогендік үдерістер
- D) Табиғи бөліктер
- E) Абиогенді орта

6. Геотехникалық жүйелер:

- A) Су қоймасы, қалалар, каналдар
- B) Табиғи геожүйе
- C) Ландшафт, мұхиттар
- D) Бақша
- E) Табиғи жүйе, ауа сапасы

7. Антропогендік фактор:

- A) Абиотикалық
- B) Өлі табиғат
- C) Абиогенді
- D) Биотикалық
- E) Адам әсері

8. Экологиялық фактордың шығу тегі бойынша жіктелуі:

- A) 1-реттік, 2-реттік
- B) Алғашқы, ретті
- C) Күрделі, жай
- D) Ретті, ретсіз
- E) Ғарыштық, абиотикалық, табиғи, антропогендік

9. Планетадағы халық санының өсуі келесіге байланысты:

- A) Өлімнің жоғарылауы кезіне, туылудың төмендеуі мен өлімнің жоғарылауы кезіне
- B) Туылу мен өлімнің төмендеуі кезіне
- C) Туылудың бір деңгейде болуына, өмір ұзақтығының өсуіне, өлімнің азаюына
- D) Жоғарғы туылу мен жоғарғы өлім кезіне
- E) Төмен туылу мен төмен өлім кезіне

10. Өзен ағыны арқылы техногендік заттектердің массалық алмасу себептері:

- A) Геологиялық ағынның болуы
- B) Температураның жоғарылауы, күн энергиясының артуы
- C) Биологиялық алуан түрліліктің азаюы
- D) Альтернативтік көздердің жоқтығы
- E) Халықтың басым бөлігінің жағалауларда қоныстануы, техногенезбен тікелей байланысы, техногендік заттарды тасымалдауы